

13. Философская энциклопедия. — М.: Сов. энцикл., 1970. — Т. 5. — С. 19.
14. Декларация об укреплении международной безопасности. 1970 // www.lawrussia.ru/texts/legal. — С. 55.
15. Баскин Ю.Я. Идея «вечного мира» в философской и политической литературе нового времени. — 1964–1965 гг. — М.: Сов. ежегодник международного права. — 1965. — С. 166.

ӘОЖ 342:[339.54:351.746] (574)

Кеден органдарының мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету органдар жүйесіндегі орны

Ботағарин Р.Б.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

В статье рассматривается важность места таможенного органа в системе органов, обеспечивающих государственную безопасность. Суверенитет Казахстана во внешней торговле, ведение независимой таможенной политики в соответствии с внутренней и внешней политикой в основном осуществляются органами таможенного контроля. Главная задача таможенного органа — контроль за перевозками товаров и транспортных средств через таможенную границу. Место таможенных органов в государственных органах в первую очередь можно определить по виду исполняемой деятельности и по приоритетным функциям.

In article the author considers importance of a place of customs in system of organizations providing state security. The sovereignty of Republic of Kazakhstan in foreign trade, conducting an independent customs policy according to internal and foreign policy basically is carried out by organizations of customs control. The main task of customs is control over transportations of the goods and transports through customs border. The place of customs in state structures first of all, can be defined by the form executed activity and by priority functions. The customs in this sphere execute their activity in interaction with other state structures of Republic of Kazakhstan.

Кеден органдары өзінің міндеттерін басқа да мемлекеттік органдармен бірлесе отырып атқарады. Кеден органдарының мемлекеттік органдар жүйесіндегі орнын алдымен оның атқарып отырған қызметтерінің түрлеріне және оның қайсы функциясына басым мән беріліп отырғандығына қарап анықтауға болады. Кеден органдары өзінің фискалдық, реттеушілік және қорғаушылық қызметтеріне сай мемлекеттің басқа да атқарушы органдарымен (күш, қаржы т.б. ведомстволармен), банк жүйесімен (валюта бақылауы бойынша), түрлі экономикалық субъектілермен, сыртқы экономикалық әрекетке қатысушы жеке және заңды тұлғалармен қоян-қолтық қарым-қатынас жасайды.

Кеден органдары өзінің валюта бақылау қызметін Республиканың Ұлттық банкімен, жалпы банк жүйесімен бірлесе отырып атқарады. 1999 жылдың 5 ақпанынан бастап өз күшіне енген «Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюта бақылауын ұйымдастыру туралы» нұсқаулықтың 6-пунктінің 1-тармағында «Қазақстан Республикасындағы валюта бақылауын валюта бақылау органдары мен агенттері әрекеттегі заңдарға сәйкес өз құзыреті шеңберінде іске асырады» делінген. Осы нұсқаулықтың 6-пунктінің 2-тармағына сәйкес Ұлттық банк кеден органдарын банкілер мен олардың филиалдарының тізімімен, валютаның ресми бағаны туралы ақпаратпен жедел қамтамасыз етіп отыруы тиіс. Ал кеден органдары нұсқаулықтың 6-пунктінің 4-тармағына сәйкес өз кезегінде Ұлттық банкке экспорт-импорт валюта бақылауының нәтижелері туралы ақпарат жіберіп отыруы, сондай-ақ нұсқаулықтың 5-тармағына сәйкес есеп берілген айдың 5-күніне қалдырылмай банкілерге кеден шекарасы арқылы тауарлардың іс жүзіндегі қозғалысы туралы ақпарат беру керек.

Кеден органдарының басты міндеті кедендік шекара арқылы тауарлардың тасымалдануын қадағалау, реттеу екені белгілі. Дегенмен, кеден органдарының құқықтық мәртебесі, функциясы, міндеттері, тағы басқа мәселелерді зерттеп жүрген авторларға көңіл аударар бермейтін Қазақстанның жер аумағы, географиялық-климаттық, демографиялық жағдаяттарына байланысты байқалып жүрген бір құбылыс біздің мемлекетіміздің кеден органдары кейбір жағдайларда өздерінің тікелей міндеттерінде көрсетілмеген кейбір жұмыстарды да қоса атқарады. Мысалы, кеден органдарының іс-

әрекетіне құқықтық негіз болған «Кеден кодексінің» 19-бабында Қазақстан Республикасының кеден органдарының негізгі міндеттері аталып көрсетілген. Ол 13 тармақтан тұрады. Бірақ кеден органдарының міндеттерінің ішінде «заңсыз миграциямен күрес» міндеті көрсетілмеген, яғни республиканың кеден органдарының міндеттеріне төлқұжаттық-визалық режимді бақылау және іске асыру кірмейді. Төлқұжаттық бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің және Қазақстан Республикасының ІІМ-нің Көші-қон полициясының міндеттеріне кіреді. Бірақ та бұл мемлекеттік органдар да қазіргі уақытта әлі де қалыптасу, ұйымдастыру кезеңін бастан өткеруде. Сондықтан кейбір жергілікті жерлерде олардың қызметкерлері мен құрылымдарының жетіспеушілігі байқалуда. Мысалы, Жамбыл облысында қазақ-қырғыз шекарасында өткізу бекеттерінде көші-қон полициясы қызметкерлері жоқ. Қызылорда облысының аумағының біраз бөлігі Өзбекстан Республикасының жер аумағымен шектесетіні белгілі. Ал бұл жердегі шекараларда кеден органдары шекарадағы құқықтық қатынастарды реттеуші бірден-бір мемлекеттік орган болып отыр.

Көріп отырғанымыздай, мемлекеттік шекарадағы кеден органдары, шекара қызметі және көші-қон полициясы қызметтерінің өзара үйлесімді іс-әрекеттерінде талдауды, зерделеуді қажет ететін мәселелер бар. Сондай-ақ осы мемлекеттік органдардың жергілікті жердегі құрылымдарының іс-әрекетінің тәжірибесін, олардың кездестіріп отырған қиындықтарын зерттеп-зерделей отырып, салааралық құқықтық-нормативтік базаны толықтыруы және жетілдіру мәселесіне де назар аудару қажет.

Біздің пікірімізше, мемлекеттік шекарамыздың кейбір телімдерінде осы үш мемлекеттік органның (шекара қызметі, кеден органдары және көші-қон полициясы) қызметін өзара біріктіре, үйлестіре атқаратын арнаулы жылжымалы бөлімшелер құруға болады деп есептейміз. Мұның өзі мемлекеттік басқарудағы үнемділік және тиімділік қағидасын қолданудың бір көрінісі болып, шекарада арнаулы жабдықталған үй-жай, құрал, көлік, адам ресурстарын барынша тиімді, үнемді пайдалануға жол ашар еді. Қазіргі жағдайда Қызылорда облысындағы қазақ-өзбек шекарасындағы кейбір кеден объектілері Қызылқұм шөлінің ішінде елді мекендерден 200–300 км алыс қашықтықта орналасқан. Қазақстанның шекарасының көп бөлігінің құрғақ, климаты қатал, шөл далада, халық аз мекендеген өңірлерден өтетінін есепке алсақ, әрі кеден органдарының, әрі шекара әскерінің, әрі көші-қон полициясының функциясын біріктіре атқаратын жылжымалы жедел шекара бөлімшелері елді әскери, экономикалық және заңсыз миграциядан қорғауда үлкен рөл атқаруы мүмкін. Әр мемлекет өзінің атқарушы-билеуші, құқық қорғаушы органдарын, өзінің ішкі-сыртқы, географиялық, демографиялық, экономикалық, т.б. жағдаяттарды еске ала отырып, өзіне тиімді схема бойынша жұмыс істетуіне болады. Басқа мемлекеттердің органдарының жұмыс істеу схемасын механикалық түрде көшіріп алу көп жағдайда мемлекеттің ішкі-сыртқы жағдаяттарына сай келе бермеуі мүмкін.

Кеден органдарының құрылымы мен құзыреті жағынан биліктің өзге атқарушы органдарынан ерекшеліктері көп. Соған орай мемлекеттік механизмдегі атқарушы билік органдары жүйесіндегі кеден органдарының құқықтық мәртебесін оған жүктелген міндеттер, құзыреті, қызметтік функциялары, ұйымдастыру тәртібі сияқты т.б. өлшемдері арқылы айқындауға болады. Негізінен, кеден органдарының маңызы мен қажеттілігін мемлекеттің өркендеуінің қазіргі сатысында кеден органдары жүйесіз Республика Конституциясында белгіленген елдің егемендігі мен тәуелсіздігін қорғау міндеттері жүзеге аспайтындығымен айқындауға болады.

Қазақстан мемлекетінің сыртқы саудадағы егемендігі, оның халықаралық қатынастарда өзінің ішкі және сыртқы саясатына сәйкес тәуелсіз кедендік саясатын жүргізуі, негізінен, кеден органдары арқылы жүзеге асырылады. «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңының 1-бабында көрсетілгендей, ел экономикасының тәуелсіздігі және тұрақты дамып отыруын оған кереғар әсер етуі мүмкін ішкі және сыртқы жағдаяттардан, процестер мен факторлардан, яғни, *мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігі* — оның саяси тәуелсіздігінің нығаюының, маңызды алғы шарттарының бірі. Бұл міндеттің орындалуында кеден органдары маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар кеден органдары мемлекеттің қорғаныс қабілетін арттыруда, қоғамдық тәртіптің сақталуында, жалпы елдің әлеуметтік-экономикалық саясатының негізгі бағыттарын айқындауда үлкен рөл атқарып, мемлекеттің валюта бақылауы, құқық қорғаушылық іс-әрекеттері, тағы басқа қызметтеріне де өз құзыреті шеңберінде қатысып отырады.

Жаңа тарихи кезең Республиканың кеден органдары алдына жаңа міндеттер қоймақ. 2000 жылдың қазан айындағы Қазақстан, Беларусь, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан мемлекеттері Елбасыларының Еуразиялық экономикалық қауымдастықты құру туралы келісім-шартқа қол қоюы мемлекетіміздің кеденшілері алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Соның ішінде біркелкіленген кедендік ресімдеу және кедендік бақылау тәртібін, сондай-ақ біркелкі кедендік режимді қолданатын

кедендік реттеу жүйесін жасау міндеті нақты түрде экономикалық қауымдастыққа мүше-мемлекеттер кеден органдарына жүктелді.

Қорыта айтсақ, кеден органдары қазіргі заманғы мемлекеттік басқару механизмінің маңызды буыны болып, атқарушы билік органдары жүйесінде елдің тәуелсіздігі мен егемендігін қорғауға қызмет етеді.

Кеден органдары алдына қойылатын міндеттер мемлекеттің ішкі және сыртқы экономикалық, саяси мақсаттарымен тығыз байланысты болып, белгілі кезеңдегі стратегиялық және тактикалық мақсаттарға сай өзгеріп отыруы мүмкін. Кеден ісін, кеден саясатын жүргізу мемлекеттің монополиясы болып, ол негізінен кеден органдары арқылы жүзеге асырылады және кеден органдары өз іс-әрекетін тек мемлекеттік басқару шеңберінде ғана жүргізеді.

Кеден органдары Конституцияда белгіленген заң шығарушы органдардың, Президенттің заң дәрежесіндегі нормативтік және тиісті ведомстволар мен Үкіметтің заңға тәуелді нормативтік актілеріне, қаулы, ережелеріне сай іс-әрекет жасайды.

Сондай-ақ кеден органдарының Қазақстан Республикасының Кеден кодексінде көрсетілгеніндей, азаматтар мен мемлекеттің алдында Республиканың экономикалық егемендігін және экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша, жеке тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерінің сақталуы, сондай-ақ олардың кеден ісі саласында өз міндеттерін орындауын қадағалау бойынша жауапкершілік жүктелген.

Химиялық заттар, қару-жарақтар және есірткі заттар халқымыздың санасын уландырып, бірлігін бүлдіреді. Арақтар мен есірткі заттар тұлғаның денсаулығына зиян әкеліп, құлдырауға ұшыратып, алкоголизм мен наркоманияның өсуіне әсер етеді. Бұл қоғамдық және экологиялық қауіпсіздікке елеулі нұқсан келтіретіні сөзсіз. Қазіргі кезде қауіпсіздік объектісіне төнетін қауіптердің жаңа түрлері пайда бола бастады. Қазақстан Республикасының табиғи байлықтары және құнды шикізаттық ресурстардың бақылаусыз әкетілуі, контрабанданың түрлері көлемі ұлғайып бара жатыр. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінің мақсаты республиканың қоғамдық қауіпсіздік объектілерінің тиісті деңгейдегі қорғалғандығын қамтамасыз ететін мемлекеттік органдардың өзара әрекеттесуі болып табылады.

Қоғамдық қауіпсіздікке қатысты Қазақстан Республикасының Қоғамдық және экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасы жөніндегі Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 ж. 30 сәуірдегі № 2967 үкімі бар. Осы концепцияда Қазақстан Республикасының қоғамдық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі бағыттары көрсетілген [1].

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету механизмін жетілдірудің мақсаты мемлекеттің, қоғамның және жеке тұлғаның өмірлік маңызды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін шаралар жүйесін қалыптастыру болып отыр. Бұл саладағы бірінші кезектегі міндеттері келесілер:

- Қазақстан Республикасының қоғамдық қауіпсіздігі жағдайына талдау жасай келе, оны қамтамасыз етуді тікелей жүзеге асыратын негізгі мемлекеттік органдардың құзыреттерін нақтылау, соның ішінде қылмыстылықпен күресу тек қана кеден органдары үшін басты міндет болмай (Ішкі істер министрлігі, Мемлекеттік тергеу комитеті, Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті, Прокуратура), сонымен қатар антикриминогендік экономикалық механизмді жасау жолы арқылы ұйымдасқан қылмыс, наркобизнес, терроризм, контрабанда, қаржылық қылмыстар сияқты қауіпті қылмыстық әрекеттерге қарсы күресте басқа да мемлекеттік органдардың міндеттері болуы тиіс;
- Кедендік бақылау комитеті, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті, салық полициясы органдарының облыстық, қалалық және аудандық құрылымдарындағы қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесіндегі негізгі звеноларды нығайтуға бағытталған шаралар кешенін жүзеге асыру, мемлекеттік және қоғам, жеке тұлғалардың өмірлік маңызды мүдделерін тікелей қорғау бойынша жемісті қызмет атқару үшін жағдайлар жасау;
- қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды статистикалық есепке алу үшін қылмыс және оны жасаған тұлғалар жөніндегі мәліметтердің біртұтас компьютерленген базасын жасау;
- экономика саласында ұйымдасқан топпен жасалатын қылмыстардың алдын алу және ашудың жаңа әдістерін табу;
- әрекет етіп тұрған нормативтік-құқықтық актілерінің біртұтас базасын жасау;
- осы бағыттағы өзге де шаралар.

Аталған бағдарламада көрсетілгендей, Қазақстан Республикасының қоғамдық және экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде кеден органдарының атқаратын қызметінің ерекшелігін айтпай кетуге болмас. Бұл салада кеден органдарын өздерінің әрекеті арқылы мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін өзге де мемлекеттік органдармен бірдей жүзеге асырады. Яғни олар шекара арқылы әкелінетін қару-жарақ, ядролық және химиялық улы, есірткі заттарының айналымына шектеу қою, тәркілеу арқылы қамтамасыз етеді.

Мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігі өте күрделі және көп функционалды болғандықтан, қаржылық бақылау жүйесін жетілдіру керек. Қазақстанның әлемдік экономикалық қатынас жүйесіне интеграциялануы кеден ісін жетілдіруді талап етеді. Жаңа Кеден кодексінің дүниеге келуі көлеңкелі бизнес пен контрабанданың азаюына әжептәуір үлесін тигізді. Әрине, бұл өз кезегінде еліміздің экономикасына ықпалын тигізеді [2].

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді тікелей жүзеге асыратын органдардың бірі — Қазақстан Республикасының шекара қызметі. Кеден органдары да Қазақстан Республикасының шекара қызметімен бірге мемлекеттік шекарадағы ұлттық қауіпсіздік саласында Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асырады және мемлекеттік шекарада жеке адамдардың қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды орындауға қатысады.

Қазір әр мемлекеттер өздерінің шекараларының бүтіндігін және экономикалық, қоғамдық, экологиялық, әскери, ақпараттық қауіпсіздігі, ішкі нарығын заңсыз әрекеттерден сақтап қалу мақсатында әр түрлі жан-жақты келісімдер, шарттар орнатуда. Осындай құжаттың бірі — «Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше-мемлекеттердің сыртқы шекарасын күзетудегі ынтымақтастық туралы шарты» [3]. Бұл шартқа Қазақстан Республикасы, Беларусь Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикалары отырды. Осы шарттың 2-бабында: «Тараптар сыртқы шекарада терроризм актілерін, қару-жарақтардың және оқ-дәрілердің, жарылғыш, улы, есірткі және психотропты заттардың, радиоактивті материалдардың және контрабанданың өзге де заттарының заңсыз тасымалдануының жолын кесу бойынша, сондай-ақ заңсыз көші-қонмен және діни экстремизмнің пайда болуымен күресте ынтымақтастықты жүзеге асырады», — делінген. Демек, ұлттық қауіпсіздікті нығайту саласында мұндай келісім-шарттардың алатын орнының зор екені мәлім. Ал бұл келісім-шарттың орындалуын қамтамасыз ету кеден органдарының қызметіне тікелей қатысты. Яғни біз кеден органдарының осы саладағы өзге де мемлекеттік органдармен бірігіп, қызмет атқаруы үшін оларға құзыреттері шеңберін нақтылай түскеніміз жөн сияқты. Әсіресе Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің шекара қызметі мен кеден органдарына бірігіп, үйлесімді жұмыс істейтіндей нормативтік актінің болғаны дұрыс деп ойлаймыз.

Кеден органдары осы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы қызметте келісім-шартқа отырысқан мемлекеттердің кеден қызметімен өзара тәжірибе алмасуы да көп жетістіктер береді. Осылай біз еліміздің қауіпсіздігін қорғау саласында жүрген органдардың тиімді әрі жетістікке жеткен жұмыстарын көруге мүмкіндік аламыз. Қазіргі күллі әлемді, адамгершілікті дүр сілкіндіріп отырған қылмыс түрі — лаңкестік. Бұл қылмыстың алдын алуда әр мемлекеттің ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер органдары және де кеден органдары әжептәуір жұмыстар жасап келеді. Әрине, мұндай жаман қылмыстың алдын алуда оны ашуда бір ғана органның қызмет істеуі жеткіліксіз екені белгілі. Осы мақсатта Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің лаңкестікке қарсы күрестегі ынтымақтастығы туралы шарты жасалды. Бұл шарттың мақсаты — шартқа мүше елдері өздерінің мемлекеттерінде терроризмді болдырмау, осыған қатысты құзыретті органдары арасында бірігіп жұмыс жасау көзделген. Шартта бірігіп жұмыс жасаудың бағыттары көрсетілген, олар:

- а) ақпараттар алмасу;
- б) жедел-ізвестіру шараларын жүргізу туралы сұратуларды орындау;
- в) терроризм актілерінің алдын алу, анықтау, болғызбау немесе тергеу үшін келісілген шаралар әзірлеу және қабылдау мен осы шаралар туралы өзара хабарласу;
- г) келесі Тараптық аумағында терроризм актілерін жасауды өз аумағында дайындауды болғызбау және жою үшін шаралар қабылдау;
- д) жоғары технологиялық және экологиялық қауіпті объектілерді жеке қорғау жүйесінің жағдайын бағалауға, осы жүйелерді жетілдіру үшін шараларды әзірлеу мен іске асыруда жәрдем көрсету;
- е) нормативтік-құқықтық актілермен және оларды қолдану практикасы жөніндегі материалдармен алмасу;
- ж) мүдделі Тараптар арасындағы келісімі бойынша терроризм актілерін болғызбау және олардың зардаптарымен күресуде практикалық көмек көрсету үшін, арнайы антитеррористік құрамаларды жіберу;

з) тәжірибе жинақтау, семинарлар, кеңесулер мен ғылыми-практикалық конференцияларды өткізуді қоса отырып террористік актілердің алдын алу және күресу тәжірибелерімен алмасу;

и) қызметкерлерді дайындау және біліктілігін көтеру;

к) Тараптардың келісімі бойынша жоғары технологиялық және экологиялық қауіпті объектілерді жеке қорғау жүйесі мен құралдарын әзірлеу жөніндегі ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-құрастырушылық жұмыстарын бірлесіп қаржыландыру және жүргізу;

л) антитеррористік қызметті қамтамасыз ету үшін келісім негізінде арнайы құралдар, техника мен жабдықтардың жеткізілуін жүзеге асыру.

Тараптың құзыретті органдары өзара мүдделі мәселелер жөніндегі ақпараттармен, соның ішінде:

а) террористік қауіп, дайындалып жатқан және жасалған террористік актілер, жекелеген адамдардың, адам топтарының немесе ұйымдардың терроризм актілерін жасау пиғылдары туралы мәліметтер бар материалдардың өз мемлекеттерінің аумағында таратылуы;

б) мемлекет басшыларына, халықаралық қорғаудағы адамдарға, Тараптардың дипломатиялық өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің және халықаралық ұйымдарының қызметкерлеріне, мемлекеттік сапарларға, халықаралық және ұлттық, саяси, спорттық және басқа да шараларға қатысышуларға қарсы бағытталған, терроризм актілерінің дайындалғандығы;

в) ядролық материалдардың, химиялық, бактериологиялық (биологиялық) қарулардың немесе оның компоненттерінің, жоғары уытты химиялық заттардың, патогенді микроорганизмдердің заңсыз айналымының фактілері;

г) өз мемлекеттерінің қауіпсіздігіне қатер төндіретін террористік ұйымдар, топтар және жеке адамдар туралы, террористік ұйымдар, топтар немесе жеке адамдар арасындағы орнаған байланыстар;

д) террористік әрекет тәсілдерін қолданатын, қаруланған заңсыз құрамалар, олардың құрылымы, мүшелері, мақсаттары мен міндеттері;

е) террористік әрекеттердің анықталынған тәсілдері, амалдары және құралдары;

ж) Тараптар өздерінде бар мүмкіншіліктерінің шегінде бір-біріне бере алатын қамтамасыз ету және жабдықтау заттары;

з) осы Шарттың мәнісіне қатысты мәселелерді заңмен және басқа да нормативтік реттеудегі тәжірибелері;

и) белгілі болған немесе тұжырымдалған қаржыландыру көздері мен олардың мемлекеттерінің аумағына қарулар және терроризм жасаудың басқа да құралдарын заңсыз жеткізудің арналары;

к) Тараптардың егемендігі мен аумақтық бүтіндігін бұзуға бағытталған террористік қол сұғушылықтар; Тараптар үшін мүдделі басқа да мәселелер туралы ақпараттар алмасады.

Кеден органдары кедендік шекарадан Қазақстан Республикасына өтетін тауарларға кедендік бақылауды жүргізеді. Мұның бәрі Қазақстан Республикасы халықтарының қауіпсіздігін ойлағандықтан, жүзеге асырылады. Кедендік бақылауға қатысты Қазақстан Республикасы 2002 жылы Жүктерге шекарада бақылау жүргізу шарттарын келістіру жөніндегі 1982 жылғы 21 қазанда Женевада қабылданған Халықаралық конвенцияға қосылды [4]. Келісуші тараптар халықаралық жүк тасымалын жақсарту және шекара арқылы жүктердің өтімділігіне қолдау жасау мақсатында осы Конвенцияны қабылдаған. Бұл Конвенцияға сәйкес кеден органдары жүктерге қатысты бақылаудың келесідегідей түрлері жүргізіледі:

– медицина-санитарлық бақылау — адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында жүзеге асырады;

– ветеринарлық бақылау — адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау, жануарларды қорғау мақсатында жануарларға және жануарлардан жасалатын өнімдерге қатысты болатын бақылау;

– фитосанитарлық бақылау — зиянды өсімдіктердің мемлекет шекарасы арқылы тасымалын бақылау;

– техникалық стандартқа сәйкестігін бақылау — тиісті заңмен анықталған мемлекеттік және ұлттық стандарт талаптарына сәйкестігін бақылау;

– сапалық бақылау — тиісті заңдармен және ережелермен бекітілген құқықтық және ұлттық сапалық көрсеткіштерге сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

Шартта көрсетілген әрекеттер мен қызметтердің барлығы дерлік мемлекетіміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл әрекеттердің толықтай орындалуы еліміздің кеден органдарының атқарып жатқан құзыретіне тікелей байланысты. Себебі кеденшілер өздерінің қырағылығы арқасында мемлекетіміздің кедендік шекарасынан мемлекетіміздің қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге ниеттенген қылмыскерлердің өтіп кетуіне тосқауыл береді. Осы орайда олардың ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы атқаратын қызметтерінің рөлі зор.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Қоғамдық және экологиялық қауіпсіздік концепциясы жөніндегі Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 ж. 30 сәуірдегі № 2967 Үкімі. Заң деректер базасы.
2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы Қазақстан Республикасының 1995 ж. № 2710 Заңы. Заң деректер базасы.
3. *Нурпеисов Д.* Национальная безопасность: правовой аспект: Науч.-справоч. изд. — Алматы: БИ, 2003. — С. 38.
4. Қазақстан Республикасының Шекарада жүктерге бақылау жүргізу шарттарын келістіру жөніндегі Халықаралық конвенцияға қосылуы туралы ҚР 2002 жылғы 6 мамырдағы № 320 Заңы // Қазақстан Республикасының Парламент жаршысы. — 2002. — № 19. — 5, 6-б.

Репозиторий Қарғу